Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника


Эссе

## Абайдың қарасөзіндегі „Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста" сөзінің мәні мен маңызы

Абай Құнанбаев -(әдебиеттің) қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі ғана емес, дана, ойшыл, көріпкелдігімен ерекшеленетін тұлға.

Жалпы Абайдың қырық беске жуық қара сөздері бар. Соның бірі он тоғызыншы қара сөзі. Шынын-керек адам баласына ақыл да, қайрат та, жүрек те бірдей керек. Ал оларды бірге батындыра алған адам қандай керемет болар еді!? Ақылың бар екен асып тасқан?! Қайратты екенсің жүрек жұтқан! Бірақ бұлардан не пайда, егер де мейірімді жүрегің болмаса? Жүрегі жоқ, тасжүрек, мейірімсіз адамдар да ақыл бола тұра, ол адам оны тек жамандыққа қолданады. Нешетүрлі айла істер ойлап табады, айналасын тек жамандықпен баурап алады. Себебі оның жүрегі жоқ! Сол сияқты қайрат та, өзіне әлі келмейтін жандарға зорлық көрсетіп, әлемді қара түнек басып алғандай барлығы қорқынышта өмір сүретін болады.

Сонда жүрек адам денесінің патшасы. Жақсылыққа елтіріп еритуғын да жүрек. Жамандықтан жиреніп тұлап кететуғын да жүрек. Әділет, нысап, қайрат, ақыл барлығы жүректен бастау алады. Ал олардың барлығын бірдей ұстау

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника 

өте маңызды.

Абай Құнанбаев көріпкелдігімен ерекшеленетін тұлға деп, кіріспеде айтып кеткен едім. Расында да, ол кісі өз қара сөздерінде болашақты, адам баласының бойындағы жаман қасиеттерді, неден аулақ, не нәрсеге талпыну керектігін айтып кеткен. Қарасақ барлығы қазіргі өмірде болып жатыр. Надандық, ақша, дүние құмарлық, жаман әдеттерге тәуелді болу, қорқаншақтық..... Өз басым іштей қатты қынжыламын. Осы қара сөздерді оқып, тәлім-тәрбие алудың орнына, керісінше кетіп бара жатырмыз. Ақыл, қайрат, жүрек және тағы басқа қасиеттерді адам бірге тізгіндеп ұстаса, мүмкін басқаша болар ма еді?! Ал, адам өз сөзін өзі не дегенде, әр адамның өз сана-сезіміне байланысты деп ойлаймын.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ